

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 226 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер Министрі*

Б. Сағынтаев

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; №22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II,

53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; 2017 жылғы 6 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2017 жылғы 26 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2017 жылғы 27 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 54-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"сайлау процесіне қатысушыларды оқыту;"

2) 55-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"сайлау процесіне қатысушыларды оқыту;"

2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7 -I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; 2017 жылғы 26 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2017 жылғы 27 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "

Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 112-баптың бесінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сайлау алдындағы үгіт жүргізу басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарының эфирден және баспасөзден орын бергені үшін төлемнің мөлшері, шарттары және тәртібі туралы мәліметті хабарламастан және жарияламастан, сондай-ақ сайлау комиссиясына берместен сайлауға қатысатын кандидаттардың, саяси партиялардың үгіт материалдарын жариялауы немесе эфирге шығаруы –";

1) 119-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

2) 120-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"120-бап. Сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу шарттарын бұзу

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауалнама нәтижелерін, сайлау нәтижелері болжамдарын, өзге де зерттеулерді жариялау тәртібін бұзуы, атап айтқанда, сауалнама жүргізген заңды тұлғаны, сауалнамаға тапсырыс берген және оның ақысын төлеген тұлғаларды, сауалнама жүргізілген уақытты, ақпарат жинау әдісін, сұрақтардың нақты тұжырымын, сауал қойылғандардың санын және сауалнама нәтижелерінің қателік коэффициентін көрсетпеу –

жеке тұлғаларға – он бес, заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауалнама нәтижелерін, сайлау нәтижелері болжамдарын, өзге де зерттеулерді, интернет желісінде кандидаттарды не саяси партияларды қолдап дауыс беру нәтижелерін дауыс беретін күнге дейінгі бес күн ішінде және дауыс беру күні жариялау, сондай-ақ сайлау болатын күні дауыс беруге арналған үй-жайда немесе пунктте қоғамдық пікірге сауалнама жүргізу – жеке тұлғаларға – он, заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасының талаптарын сақтамай қоғамдық пікірге сұрау салуды жүргізу – жеке тұлғаға – он бес, заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

3. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-кұжат; № 9, 86-кұжат; № 24, 338-кұжат; 2002 ж., № 10, 103-кұжат; 2004 ж., № 10, 56-кұжат; № 17, 97-кұжат; № 23, 142-кұжат; № 24, 144-кұжат; 2005 ж., № 7-8, 23-кұжат; 2006 ж., № 1, 5-

құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I, 121,124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағының 7-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамалық актісіне сәйкес аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін жасырын немесе ашық дауыс беруді өткізу арқылы сайлау;"

2) 20-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шықса немесе шығарылса;

3-2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатса;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 3-тармағының 1), 2), 4) – 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мәслихат депутатының өкілеттігі тоқтатылған кезде тиісті аумақтық сайлау комиссиясы мәслихат депутатының өкілеттіктерін тоқтатуға әкеп соғатын негіздердің басталу фактісі көрсетілген шешім қабылдайды және тиісті мәслихатқа мәслихат депутатының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныс енгізу туралы шешім қабылдайды.

Аумақтық сайлау комиссиясының осы тармаққа сәйкес шығарылған ұсынысы негізінде мәслихат сессияға қатысқан мәслихат депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен мәслихаттың тиісті депутатының өкілеттіктерін тоқтатады.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Осы баптың 3-тармағының 3-1) және 3-2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша өкілеттіктер тоқтатылған кезде тиісті аумақтық сайлау комиссиясы

адамның мәслихат депутатының өкілеттіктерін жоғалтқаны жөніндегі факті көрсетілген шешім қабылдайды және ол туралы тиісті мәслихатқа хабарлайды.";

3) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды қамтамасыз етеді";

4) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды қамтамасыз етеді";

5) 33-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) жергілікті қоғамдастық жиынымен және облыс әкімімен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін тоқтату туралы шешім қабылдайды.";

б) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін қызметке сайлау, оның өкілеттіктерін тоқтату тәртібі

1. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы Қазақстан Республикасының жиырма бес жасқа толған азаматтары арасынан тиісті өкімшілік-аумақтық бірліктің халқы төрт жыл мерзімге қызметке сайлайды.

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкіміне кандидат мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабының 2 және 3-тармақтарына және "Қазақстан Республикасында сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес сайлау құқығына ие болуға тиіс.

2. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауын өткізу тәртібі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында регламенттеледі.

3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктері:

1) соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған;

2) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

4) қайтыс болған;

5) өзін ұсынған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

6) өзін ұсынған саяси партияның қызметі тоқтатылған;

7) өкімшілік-аумақтық бірлік таратылған;

8) жергілікті қоғамдастық жиынымен және облыс әкімімен келісу бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі шешім қабылдаған;

9) заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

4. Қазақстан Республикасының Президенті өз қалауы бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін қызметтен босатуға құқылы.

5. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметке тағайындалуы және осы баптың 3-тармағында көзделген негіздер бойынша өкілеттіктерін тоқтатуына байланысты жұмыстан босатылуы тиісті аудан (аудандық маңызы бар қала) әкімінің актісімен ресімделеді.";

7) 36-1-бап алып тасталсын;

8) 39-3-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) осы Заңның 36-бабы 3-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайда аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін тоқтатуға келісім беруі;"

3-тармақтың 4-3) тармақшасы алып тасталсын;

9) 39-7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестерін тиісті әкімдік республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала мәслихатының шешімі негізінде қалалық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша тиісті сайлау округінің шегінде қала әкімі ұсынған құрамда құрады.";

10) 41-бап мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Мыналар:

1) 20-баптың 3, 4-тармақтарының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде 20-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Мәслихат депутатының өкілеттіктері мынадай жағдайларда:

1) ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депутаттық міндеттерді орындаумен сыйымсыз лауазымға сайланса немесе тағайындалса;

2) оны әрекетке қабілетсіз немесе әрекет ету қабілеті шектеулі деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енсе;

3) мәслихаттық өкілеттігі тоқтатылса;

4) қайтыс болса, оны хабарсыз кетті деп тану не қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енсе;

5) ол Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатса;

6) қылмыс не қасақана қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енсе;

7) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністен тысқары жерге тұрақты тұруға кетсе;

8) оның отставка туралы жеке өтінішіне байланысты;

9) ол өз міндеттерін жүйелі түрде орындамаса, оның ішінде мәслихат сессиясының немесе құрамына өзі сайланған мәслихат органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз қатарынан үш реттен артық қатыспаса;

10) ол облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының төрағасы немесе тексеру комиссиясының мүшесі қызметіне тағайындалса, мерзімінен бұрын тоқтатылады.

4. Депутаттың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім аумақтық сайлау комиссиясының ұсынуы бойынша, қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сессиясында қабылданады.";

2) 36-баптың қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде 36-бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"36-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін қызметке сайлау, қызметтен босату тәртібі

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ұсынған және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісілген жиырма бес жасқа толған кандидатуралар арасынан баламалы негізде төрт жыл мерзімге қызметке сайлайды.

2. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі жергілікті қоғамдастық пен облыс әкімінің келісімімен қызметтен босатады."

4. Осы Заңның 20-бабының 4-1-тармағы, 33-бабының 1-тармағының 15-1) тармақшасы, 39-3-бабының 2-тармағы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі деп белгіленсін.

5. Осы Заңның 36-1-бабы, 39-3-бабының 3-тармағының 4-3) тармақшасы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін."

4. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 16, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 2-3, 6-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 21, 122-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) депутаттыққа және мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы лауазымдарға саяси партия ұсынған кандидаттарды кері шақырып алу немесе ротациялау негіздері;"

2) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттар ұсынуға; мәслихаттардағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар ұсынуға;"

3) 16-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тиісті мәслихаттардың депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдері, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттар ұсынылады.";

4) 22-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мыналар:

9-баптың 1-тармағы 9) тармақшасының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде 9-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"9) бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша саяси партия ұсынған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды кері шақырып алу немесе ротациялау негіздері;"

15-баптың 1-тармағы 3) тармақшасының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3) Қазақстан Республикасының президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар ұсынуға; мәслихаттардағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидатуралар жөнінде ұсыныс жасауға;"

16-баптың 4-тармағы 2) тармақшасының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде 16-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2) тиісті мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ұсынылады.";

5. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-V, 153-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 123-құжат):

1) 15-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес өкілеттіктер мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналаса алады.";

2) 20-баптың 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік саяси қызметке, "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кірген мемлекеттік қызметшілер, сайлау қорытындылары бойынша тағайындалған аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері үшін сынақ мерзімі белгіленбейді.";

3) 26-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңда көзделген жағдайларда, сондай-ақ жергілікті өкілді органдардың тағайындауы немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайлау тәртібімен " Б" корпусының мемлекеттік лауазымдарына конкурстан тыс тәртіппен алғаш рет кіретін немесе қайтадан кіретін азаматтарға көрсетілген іріктеу кезеңдері қолданылмайды.";

4) 69-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заң 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 15-баптың 3-1-тармағын, 26-баптың екінші бөлігін қоспағанда, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. 20-баптың 1-тармағы екінші абзацының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде 20-баптың 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Мемлекеттік саяси қызметке, "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кірген мемлекеттік қызметшілер үшін сынақ мерзімі белгіленбейді.".

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*